

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 498 қаулысы

2003 жылдың 1 маусымынан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерлерін арттыру жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 10000000 (он миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі